

**6D020500 филология мамандығы бойынша философия докторы
(PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған Акабаева Мадина
Отановнаның «Қазақ тіліндегі медиамәтіндердің лингвокогнитивтік
аспектісі (балаларға арналған телебағдарлама мәтіндері бойынша)»
атты диссертациясына шетелдік ғылыми кеңесшінің**

ШКІРІ

Зерттеудің өзектілігі. ХХІ ғасырдағы адамдардың қоғамдық өміріндегі бұқаралық ақпарат құралдарының маңызы ерекше. Теледидарды ХХІ ғасырдағы адамзат өмірін рухани тұрғыдан қамтамасыз ететін құрал деуге болады. Қай елде болмасын, теледидар арқылы берілетін ақпараттар бүгінгі қоғамдағы әрбір адамға қолжетімді, сондай-ақ елдің тілін, қоғамда жүргізіліп отырған саясатты, идеологияны таратуда теледидардың маңызы ерекше. Әсіресе бүгінгі ақпараттандырылған заманда теледидар мен интернеттің тілі жаңа шығып келе жатқан бүлдіршіндер мен жасөспірімдердің сөз байлығына, тіл тазалығына, дүниетанымына тікелей әсер етеді.

Теледидар мәтіндерінің тілдік ерекшеліктерін зерттеу бүгінгі лингвистика ғылымы үшін өте маңызды. Сондықтан Акабаева Мадина Отановнаның телеарналардағы балаларға арналған медиамәтіндердің тілін антропоөзекті парадигма аясында зерттеуге арналған диссертациялық еңбегі өзекті тақырыпқа арналған деп айтуға болады.

Зерттеу жұмысының «Медиамәтіндерді лингвистикалық тұрғыда зерттеудің теориялық негіздері» атты бірінші тарауында БАҚ тілін зерттеудің жаңа бағыты ретінде қалыптасқан медиалингвистиканың зерттеу нысаны мен қарастыратын проблемалары, зерттелу деңгейі туралы айтылады. Тіл біліміндегі медиамәтін ұғымына қатысты теориялық тұжырымдар сараланады, медиамәтіндерді қазіргі ғылыми парадигмалар аясында қарастыру негіздері айқындалады, балаларға арналған телемәтіндердің тақырыптық-мазмұндық, жанрлық классификациясы жасалып, тілдік ерекшеліктері талданады.

«Балаларға арналған медиамәтіндердің тілдік және концептуалдық кеңістігі» атты екінші тарауда телебағдарлама мәтіндеріндегі когнитивтік бірліктердің тілдік көрінісі талданды; медиамәтіндердің ұлттық-танымдық сипаты айқындалады; медиамәтіндердегі когнитивтік модельдері құрылып, ұлттық концептілердің құрылымдық-мағыналық сипаты ашылады. Зерттеу жұмысында телебағдарлама мәтіндеріндегі символдар, концептуалды метафоралар, тұрақты тіркестер сияқты когнитивтік бірліктердің тілдік көрінісіне талдау жасап, балаларға арналған телебағдарламалар мәтініндегі әлемнің тілдік бейнесін зерделеген, концептілерге құрылымдық-мағыналық талдау жасап, «туған жер», «достық», «балалық шақ» концептілерінің когнитивтік моделдерін айқындаған.

Зерттеудің пәні. Қазақ тіліндегі балаларға арналған медиамәтіндердің лингвокогнитивтік ерекшеліктері.

Зерттеудің нысаны. Зерттеудің нысаны ретінде балаларға арналған телебағдарлама мәтіндері алынған.

Зерттеудің мақсаты. Диссертацияда зерттеуші балаларға арналған телебағдарламалар мәтіндерінің лингвокогнитивтік сипатын айқындауды мақсат еткен.

Қойылған мақсатқа сәйкес төмендегідей міндеттер орындалған:

– тіл біліміндегі «медиамәтін» ұғымын зерттеуге бағытталған теориялық тұжырымдарды саралап, медиамәтіндерді антропоөзекті парадигма аясында когнитивті аспектіде қарастырудың әдіснамалық негіздерін айқындау;

– балаларға арналған медиамәтіндердің тақырыптық-мазмұндық, жанрлық классификациясын жасау, тілдік ерекшеліктерін дәйектеу;

– телебағдарлама мәтіндеріндегі тұрақты тіркестер, концептуалды метафоралар сияқты когнитивтік бірліктердің қазақ медиабейнесін түзудегі танымдық қызметін анықтау;

– қазіргі қазақ медиамәтіндерінің антропоөзектік сипаты мен ұлттық кодын балаларға арналған телебағдарлама мәтіндерінің метафоралық және фразеологиялық тілдік бейнесі негізінде ашу;

– медиамәтіндердегі символдардың танымдық-ақпараттық құрал ретіндегі лингвокогнитивтік уәжділігін айқындау;

– медиамәтіндердегі балалардың әлем туралы ұлттық-мәдени танымын бейнелейтін «туған жер», «достық», «балалық шақ» концептілерінің метафоралық модельдерін құру, медиакеңістіктегі концептуалдық мазмұнын анықтау арқылы аталған концептілердің менталды сипатын ашу.

Зерттеудің теориялық және әдіснамалық негіздері. Зерттеу барысында М. Мантгомери, Н. Фейерклав, Р. Фаулер, Т.Г.Добросклонская, М. Серғалиев, Қ.Ө. Есенова, Д. Бисмильдина, Г.Машимбаева, Ф.З. Жақсыбаева, Т.А. ван Дейк, В.И.Карасик, Б.А. Ахатова, Б. Момынова, Б. Шалабай, Ғ. Әнес, Г. Смағұлова, В.А. Маслова, Е.С. Кубрякова, В.З. Демьянков, Дж. Лакофф, Н.Д.Арутюнова, М.В. Пименова, Ж. Манкеева, Э.Д. Сулейменова, Қ.Жаманбаева, Э. Оразалиева, т.б. ғалымдардың ғылыми тұжырымдары негізге алынған.

Зерттеу әдістері. Зерттеуде жүйелік талдау әдістері, концептуалдық талдау, когнитивтік интерпретация әдісі, метафоралық модельдеу, фреймдік талдау, контент-талдау, статистикалық талдау, сауалнама сияқты зерттеу әдістері қолданылған.

Зерттеудің материалдары мен дереккөздері.

Зерттеу жұмысында тіл біліміндегі медиалингвистика бағытының қалыптасуы мен зерттеулеріне шолу жасалады. Медиамәтіндердің тілін зерттеген Т.А. Ван Дейк, М. Мантгомери, А. Белл, Н. Фейерклаф, Р. Фаулер сияқты шетелдік ғалымдардың тұжырымдарын пайдаланады. Бұл ғалымдардың зерттеулерінде медиамәтіндер әлеуметтік лингвистика, когнитивті лингвистика, функционалды стилистика, риторикалық сын тұрғысынан талдауға түседі және медиамәтіндердің түрлері мен функционалды стилистикалық ерекшеліктері айқындалған.

Орыс тіл біліміндегі медиамәтін теориясының қалыптасуы мен дамуына, сондай-ақ оны зерттеудің әдіс тәсілдерін айқындауға үлес қосқан зерттеушілер

ретінде Г.Я. Солганик, Ю.В. Рождественский, Д.Н. Шмелев, С.И. Бернштейн, Б.В. Кривенко, С.И. Трескова, И.П. Лысакова, т.б. ғалымдар аталып өтеді.

Қазақ тіл білімінде Р. Сыздықова, М.Серғалиев, Н.Уәлиев, Б.Омарұлы сынды ғалымдар медиамәтіндердің стилін, тіл тазалығын қарастырған зерттеу мақалалары туралы айтылған. Қазақ тіл білімінде теледидар тілінің прагматикалық және стилистикалық аспектілері Д.Бисмильдина, Г.Машинбаеваның диисертациялық еңбектерінде қарастырылады.

Зерттеудің дереккөздері ретінде 2010-2023 жылдар аралығындағы Отандық теларналардағы «Үйрен де жирен», «Еркетай», «Әжемнің әңгімесі», «Қуырмаш», «Баламен бетпе бет», «Қуыр-қуыр-қуырмаш», «Айгөлек», «Эфирде Аека», «Толағай» т.б. балаларға арналған телебағдарлама мәтіндері алынған.

Ғылыми нәтижелердің жаңашылдық дәрежесі мен жағдайы. Диссертациядағы төмендегі ғылыми нәтижелер жаңа болып табылады:

– диссертацияда алғаш рет қазақ тіліндегі балаларға арналған медиамәтіндер антропоэлекті парадигма аясында қарастырылып, лингвокогнитивтік аспектіде зерттелген;

– балаларға арналған қазақ медиамәтіндерінің түрлері сараланып, жанрлық-тақырыптық топтарға жіктелді, лингвистикалық ерекшеліктері анықталған;

– телебағдарлама мәтіндеріндегі символдар, концептуалды метафоралар, тұрақты тіркестер сияқты когнитивтік бірліктердің қазақ медиабейнесін түзудегі танымдық қызметі зерттелген;

– алғаш рет балаларға арналған Отандық телебағдарламалар мәтініндегі балалардың әлем туралы ұлттық-мәдени танымын бейнелейтін концептілердің менталды сипаты ашылған;

– Медиамәтіндердегі «балалық шақ», «туған жер», «достық», концептілерінің когнитивтік моделі құрылып, концептілік өрісі айқындалған.

Зерттеу гипотезасы. Тілді ұлттың танымымен зерттеу – тілдің, оның табиғи ерекшеліктері мен ұлт болмысын берудегі мүмкіндіктерін анықтап береді және ұлттық тілдің танымдық ерекшеліктерін айқындауға негіз болып табылады.

Қорғауға енгізілген қағидалар.

Медиамәтіндерді тіл білімінің когнитивтік, прагматикалық, лингвомәдени, этнолингвистикалық т.б. бағыттарына сәйкес кешенді зерттеу – бүгінгі таңдағы медиалингвистика саласының міндеті болып табылады. Осыған орай медиалингвистиканың зерттейтін мәселелеріне медиамәтіндердің тілдік сананың қалыптасуына ықпалы, функционалдық және стильдік ерекшеліктері; прагматикалық қызметі; медиамәтін және медиадискурстың арақатынасы; медиамәтіндердің когнитивтік сипаты; медиамәтіндердің концептілік жүйесін айқындау жатады.

Медиамәтіндердің негізгі белгілері: медиалық, ақпараттылық, ашықтық, мәдени детерминизм. Медиамәтіндерді медиалық таралу әдісі; жасалу тәсілі; пәні және қызмет түрі; стилі мен тақырыбы; дискурс бойынша бірнеше түрге жіктеуге болады. Балаларға арналған медиамәтіндер медиалық (ақпараттық),

фасцинация (тартымдылық), мультимодальділік, аксиологиялық, прагматикалық, интегративтілік, интерпретациялық сипаттарға ие.

Балаларға арналған медиамәтіндер жас ерекшеліктеріне байланысты: Бөбектерге арналған (0-3 жас); Мектепке дейінгі (3-7 жастағы) балаларға арналған; Кіші мектеп жасындағы (7-11) балаларға арналған; Жеткіншек жастағы балаларға арналған (11-15) телемәтіндер. Жанрлық-спецификалық түрлері: танымдық-ақпараттық, оқу-танымдық, ойын-сауық шоу бағдарламалар, спорттық ойын-сауық шоу бағдарламалар, көркем медиа.

Медиамәтін – әлемнің медиабейнесін жасаушы негізгі фактор. Балаларға арналған телебағдарлама мәтіндеріндегі символдар, концептуалды метафоралар, тұрақты тіркестер қазақ медиабейнесін түзуге қызмет етеді. Балаларға арналған медиамәтіндердегі фразеологизмдер – бала санасында дүние туралы фразеологиялық білімдерді сақтау және жүйелеу құралы. Медиамәтіндердегі символдардың танымдық негізі – уәжділік.

Паремиялық бірліктерді антропоэзеттік бағытта зерттеу олардың ұлттық код ретінде танылуына бірден бір жол ашады. Ұлттық код халықтың ой-танымын, наным-сенімі мен дүниеге көзқарасын, ұлттық болмысын ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуші мақал-мәтелдер мазмұнында сақталған. Медиамәтіндердегі мақал-мәтелдер – халықтың болмыс-бітімі, табиғаты, тәлім-тәрбиесі мен әлеуметтік тыныс-тіршілігі, материалдық және рухани әлемі, жалпы тарихи қалыптасуы жайлы ақпараттардың жиынтығы.

Медиамәтіндерде «балалық шақ», «туған жер», «достық» концептілерінің метафоралық модельдері мен фреймдік құрылымдары балалардың әлем туралы ұлттық-мәдени танымын бейнелейді.

Алынған нәтижелердің тиісті өзекті мәселені, теориялық немесе қолданбалы есепті шешуге бағытталуы. Акабаева Мадина Отановнаның «Қазақ тіліндегі медиамәтіндердің лингвокогнитивтік аспектісі (балаларға арналған телебағдарламалар негізінде) атты диссертациялық зерттеуі бүгінгі лингвистика ғылымындағы өзекті мәселелерді шешуге негіз болады.

Зерттеудің теориялық маңызы. Балаларға арналған телебағдарламалардағы ұлт тарихын, ұлт болмысын, дүниетанымын жеткізуге қызмет ететін тілдік қолданыстарын нақты зерттеу – қазіргі тіл білімінде қалыптасып келе жатқан лингвистиканың жаңа салаларын дамытуға, дәйектеуге және тілдік тұлғаның шығармашылығы арқылы көрінетін мәтін лингвистикасына, лингвомәдениеттануға өзіндік деңгейде теориялық үлес қосады.

Зерттеу жұмысында қарастырылған мәселелер қазақ тіл біліміндегі медиалингвистика, когнитивтік лингвистика, мәтін лингвистикасының теориялық тұрғыдан жаңа тұжырым, түйіндермен толығына септігін тигізеді.

Зерттеудің практикалық маңызы. Зерттеу нәтижелерін, жинақталған материалдар мен тұжырымдарды «Медиалингвистика» саласындағы ғылыми зерттеулер жүргізуде, жоғары оқу орындарында «Медиалингвистика», «Когнитивті лингвистика», «Мәтін лингвистикасы» сияқты курстарды жүргізуге және оқу құралдарын жазу барысында қолдануға болады.

Ізденушінің диссертацияда жасаған әрбір ғылыми нәтижесінің (ғылыми түйіндерінің), тұжырымдарының, қорытындысының негіздемелік және шынайылық дәрежесі. Акабаева Мадина Отановнаның «Қазақ тіліндегі медиамәтіндердің лингвокогнитивтік аспектісі (балаларға арналған телебағдарламалар негізінде) атты диссертациялық зерттеуіндегі қорытынды тұжырымдары тиісті зерттеулер мен ғылыми фактілерге сүйене отырып, ғылыми тұрғыдан негізделіп, дәлелденген. Олардың негіздемелігі мен шынайылығы ізденуші қолданған ғылыми әдістердің (жүйелік талдау әдістері, концептуалдық талдау, когнитивтік интерпретация әдісі, метафоралық модельдеу, фреймдік талдау, контент-талдау, статистикалық талдау) кешенімен және тың деректердің қолданылуымен түсіндірілген.

Алынған нәтижелердің ішкі бірлігінің бағалануы. Қорғауға ұсынылған диссертациялық еңбек қисынды және жүйелі құрылған. Алынған нәтижелердің ішкі бірлігі сақталған. Диссертациядағы ғылыми теориялық ой тұжырымдар бір-бірімен сабақтасып, логикалық бірізділікке құрылған.

Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануының жеткілікті, толықтығына растама. Диссертацияның негізгі тұжырымдары комитет ұсынған негізгі басылымдарда 6 мақала, халықаралық және республикалық конференция 5 мақала жарияланған. Аталған еңбектердің бәрінде осы диссертацияда көтерілген мәселелер қарастырылған.

Диссертация мазмұнындағы және рәсімделуіндегі кемшіліктер.

Акабаева Мадина Отановнаның диссертациясында баса айтатындай кемшіліктер мен қателіктер орын алмаған.

Диссертация мазмұнының «Ғылыми дәрежелер беру Ережелері» талаптары аясына сәйкестігі. Диссертация тақырыбының өзектілігін, жұмыстың ғылыми жаңалығын, теориялық, практикалық маңыздылығын ескере отырып, Акабаева Мадина Отановнаның «Қазақ тіліндегі медиамәтіндердің лингвокогнитивтік аспектісі (балаларға арналған телебағдарлама мәтіндері бойынша) атты 6D020500 филология мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациясын толыққанды аяқталған, ғылыми жаңалығы негізделген ғылыми жұмыс ретінде ҚР Жоғары білім және ғылым министрлігі, Білім беру және ғылым саласындағы бақылау комитетінің «Ғылыми дәрежелер беру Ережелерінің» талаптарына толық сәйкес келеді, ал оның авторы Акабаева Мадина Отановна аталған мамандық бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесіне лайық деп есептейміз.

Пікір беруші:

Шетелдік ғылыми кеңесші,

Түркия республикасы

Памуккале университеті

Қазіргі түркі тілдері мен әдебиеттері бөлімінің меңгерушісі,

PhD доктор, профессор

